

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2016 жылдың 27 желтоқсанындағы
№ 129 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2017 жылдың 01 қаңтырынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайын марапаттау ЕРЕЖЕСІ

Алматы қаласы

2016

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2018 жылдың 22 қаңтарындағы № 6 хаттамасы);
- 2018 жылдың 23 қаңтарынан бастап күшіне енгізілді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін Қазақстан Республикасының қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін (әрі қарай – Биржа) жыл сайын марапаттау шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 - тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 - бап. Негізгі түсініктемелер

1. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген түсініктемелер, терминдер мен шартты белгілері пайдаланылған.
2. Осы Ереженің мақсаты үшін:
 - 1) ұйымдастырушы түсінігінде - Биржа;
 - 2) Биржаның жауапты бөлімшесі - мәліметтерді жинақтайтын және Биржаның бір мүшесін тиісті номинация бойынша марапаттау туралы қорытынды шығарып, оны Сараптама кеңесінің қарауына ұсынатын Биржаның құрылымдық бөлімшесі болып табылады;
 - 3) номинация дегеніміз – белгілі бір сала бойынша Биржа мүшелерінің ішінен үміткерлерді таңдау;
 - 4) таңдау дегеніміз – соның негізінде Сараптама кеңесі үміткерлерді бағалау жасайтын және оларды марапаттау туралы шешім шығаратын белгісі;
 - 5) уәкілетті орган дегеніміз - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

2 - бап. Мақсаты мен міндеттері

1. Биржа мүшелерін жыл сайын марапаттау мақсаты – Қазақстан Республикасы қор нарығының дамуына үлес қосатын, Қазақстан бағалы қағаздар нарығының қатысушыларын анықтау және марапаттау болып табылады.
2. Биржа мүшелерін жыл сайын марапаттау міндеті:
 - 1) бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының сауда-саттық белсенділігін, сондай-ақ қор нарығының сандық және сапалық өсімін ынталандыру,;
 - 2) бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының қызметі мен олардың жұмысын дәріптеу;
 - 3) бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының кәсіби сіңірген еңбектерін танымал ету.

3 - бап. Негізгі ережелер

1. Биржаның мүшелерін жыл сайын марапаттау күнтізбелік жылдың аяқталу қорытындысы бойынша оларға Биржа белгілеген орында және уақытта ескерткіш сувенирлерін тапсыру арқылы жүргізіледі.
2. Биржа мүшелерін марапаттау үшін номинациялар мен критерийлерді ұйымдастырушылар анықтайды.
3. Әрбір номинациядан марапаттауға үміткер ретінде Биржада жыл бойы үш ("қор", "валюталық", "деривативтер") санаттың біреуіне мүшелікке ие тек қана Биржа мүшелері бола алады.
4. Әрбір номинациядан марапаттауға үміткерлердің тізімін Биржаның жауапты қызметкері қалыптастырады.

5. Әрбір номинация бойынша номинацияның талаптарына барынша сәйкес келетін тек қана бір Биржа мүшесі марапатталады. Ерекше жағдайларда, егер екеуінің біреуін таңдай алмаған жағдайда, бір номинацияда екі Биржа мүшесін марапаттауға рұқсат етіледі.
6. Бір Биржа мүшесін бірнеше номинацияда бір уақытта марапаттауға рұқсат етіледі.
7. белгілі бір Биржа мүшесін марапаттау туралы шешімді Биржа мүшелерін номинациялауға жауапты Биржа бөлімшелері ұсынған мәліметтер негізінде Сараптау кеңесі қабылдайды.
8. Дизайны мен дипломдардың мазмұнын немесе естелік сувенирлерді ұйымдастырушы анықтайды.
9. Осы Ережеге сәйкес дипломдар мен естелік сувенирлермен марапатталған Биржа мүшелері осы Ережеге сәйкес, ондай дипломдар немесе естелік сувенирлерді немесе сол суреттерге сілтемені өздерінің жарнама материалдары мен жарияланымдарында пайдалануға құқылы.

2 тарау. НОМИНАЦИЯЛАР МЕН ТАҢДАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4-бап. Биржа мүшелерін марапаттауға номинациялар

1. Ұйымдастырушылар келесі марапаттау номинациясы мен олардың санаттарын белгіледі:
 - 1) "Жыл андеррайтері":
Акциялар нарығында;
корпоративтік облигациялар нарығында;
 - 2) "Нарық көшбасшысы":
акциялар;
корпоративтік облигациялар;
мемлекеттік бағалы қағаздар;
 - 3) "Жыл маркет-мейкері":
Акциялар нарығында;
корпоративтік облигациялар нарығында;
мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында;
 - 4) "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін";
 - 5) "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін ".

5-бап. "Жыл андеррайтері" номинациясында марапаттау үшін таңдау критерийлері

1. "Жыл андеррайтері" номинациясында Биржадағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығару және орналастыру бойынша эмитенттерге қызмет көрсету кезінде белсенділік көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Жыл андеррайтері" номинациясында марапаттау үшін таңдау критерийлері:
 - 1) номинанттың Биржада бағалы қағаздарға жазылым жүргізу арқылы орналастыруға немесе шектеусіз инвесторлар арасында арнайы мамандандырылған сауда-саттыққа андеррайтер ретінде (өз бетінші немесе эмиссиялық консорциум құрамында) қатысу фактісі. номинанттың андеррайтер ретінде қатысу фактісі Биржаның

және/немесе Биржа мүшесінің ресми сайтында жаңалық хабарламасымен расталуы тиіс. Осы критерий нормасы артықшылықты көлемі бағалы "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ сатып алған, қағаздардың орналастырылуына таратылмайды;

- 1-1) бағалы қағаздардың Биржада жазылым жүргізу арқылы немесе инвесторлардың шектеусіз ортасы арасында арнайы мамандандырылған сауда-саттық арқылы орналастыру фактісінің болуы (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2018 жылдың 22 қаңтарындағы шешімімен енгізілді*);
 - 2) орналастыруда номинант сатушы ретінде қатысқан және андеррайтері болып табылатын, эмитенттердің бағалы қағаздары саны;
 - 3) орналастыруда номинант сатушы ретінде қатысқан, эмитенттердің бағалы қағаздары саны (соның ішінде эмитент өкілеттік берген аталмыш бағалы қағаздар);
 - 4) орналастыруда номинант сатушы ретінде қатысқан, орналастыру бағасы бойынша теңгемен орналастырылған (соның ішінде эмитент өкілеттік берген аталмыш бағалы қағаздар) бағалы қағаздардың жиынтық көлемі;
 - 4) Биржада және ашық бұқаралық ақпарат көздерінде бағалы қағаздарды орналастыруға маркетинг жүргізу фактісі;
 - 5) Биржада бағалы қағаздарды орналастырукезінде сұраным мен ұсынымның көлемінің қатынасы.
3. Биржа мүшелерін "Жыл андеррайтері" номинациясы бойынша номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның Эмитенттер мен инвесторлармен жұмыс істеу департаменті (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2018 жылдың 22 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді*).

6 - бап. "Нарық көшбасшысы" номинациясында марапаттау үшін таңдау критерийі

1. "Нарық көшбасшысы" номинациясында биржалық нарық секторында осы секторда өтімділіктің белгіленген критерийлеріне сәйкес болған, номинация санатының біреуіне сәйкес келетін, неғұрлым сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Нарық көшбасшысы" номинациясында марапаттау үшін таңдау критерийі Биржаның ішкі құжаты "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділігі көрсеткіштерін есептеу әдістемесіне"¹ сәйкес есептелген, Ка сауда-саттық белсенділігінің көрсеткіші болып табылады.
3. "Нарық көшбасшысы" номинациясы бойынша үміткерді ұсынуға жауапты Биржаның бөлімшесі – Биржаның Ақпарат және статистика Департаменті.

7 - бап. "Жыл маркет-мейкері" номинациясында марапаттау үшін таңдау критерийлері

1. Қаржы құралдарының маркет-мейкері болып табылатын, биржалық нарықтың өтімділігін арттыруға үлес қосқан, қаржы құралын сату және сатып алуға міндетті баға белгілеуге қолдау көрсету барысында белсенділігін көрсеткен Биржа мүшелері "Жыл маркет-мейкері" номинациясымен марапатталады.
2. "Жыл маркет-мейкері" номинациясында таңдау критерийлері болып:

¹ Биржа Басқармасының 2008 жылдың 19 мамырындағы № 66/0 шешімімен бекітілді.

- 1) жеке шотын пайдалана отырып, аталмыш қаржы құралдарымен ақшалай мәніндегі мәміле көлемінің жалпы үлесінде маркет-мейкердің қаржы құралдарымен (Биржа мүшелері маркет-мейкер болып табылатын) жасалған мәміле көлемінің үлесі;
 - 2) өз шотын пайдалана отырып, аталмыш қаржы құралдарымен мәмілелердің жалпы санында маркет-мейкердің қаржы құралдарымен (Биржа мүшелері маркет-мейкер болып табылатын) жасалған мәміле көлемінің үлесі;
 - 3) Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесі берілген, номинацияның критерийлерінің біреуіне сәйкес келетін, биржалық нарық секторының осы тармақтың 2 және 1 тармақшасында сипатталған, критерийлер ескерілген қаржы құралдарының саны.
3. Биржа мүшелерін "Жыл маркет-мейкері" номинациясымен марапаттауға ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның сауда-саттық Департаменті.

8 - бап. "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясында марапаттауға таңдау критерийлері

1. "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясында деривативтер нарығында ең белсенді сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшелері "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділігі көрсеткіштерін есептеу Әдістемесіне сәйкес, Сараптама кеңесі анықтаған, осы нарықтың өтімділігі критерийлеріне сәйкес келген жағдайда марапатталады.
2. "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясымен марапаттау үшін таңдау критерийі:
 - 1) деривативтер нарығында Биржа мүшелері жасаған мәміле көлемі;
 - 2) деривативтер нарығында Биржа мүшелері жасаған мәміле саны;
 - 3) деривативтер нарығында Биржа мүшелері мәміле жасаған кезде сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші;
 - 4) Биржа мүшелерінің деривативтер нарығында маркет-мейкер қызметін атқаруы.
3. "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясында Биржа мүшелерін номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның сауда-саттық департаменті.

9 - бап. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясымен марапаттау үшін таңдау критерийлері

1. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясымен жаңа белсенді сауда-саттық шоттарын қамтамасыз етуші Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясымен марапаттау үшін таңдау критерийлері:
 - 1) Биржада қарастырылатын уақытта Биржада кем дегенде бір сауда-саттық мәмілесін жасауға қатысқан, Биржа мүшелерінің клиенттері ашқан сауда-саттық шоттарының саны. Сауда-саттық ашу күні туралы мәліметтер сауда-саттық шотына қызмет көрсетуші Биржа мүшесін көрсетпей, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ ұсынылады. Сауда-саттық шотының Биржаның белгілі бір мүшесіне жататындығы туралы ақпарат және Биржаның ақпараттық жүйесі мәліметтері есебінен сауда-саттық шотынан жасалғаны туралы ақпарат.
3. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясымен Биржа мүшелерін номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше –

Биржаның Эмитенттер мен инвесторлармен жұмыс Департаменті *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 22 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*.

3 -тарау. САРАПТАМА КЕҢЕСІ

10 - бап. Сараптама кеңесін құру тәртібі

1. Биржаның белгілі бір мүшесін марапаттау туралы шешімін қорытынды жасау кезінде құрылған Сараптама кеңесі қабылдайды.
2. Сараптама кеңесін құру және оның құрамы туралы шешімді Биржа Басқармасы келесі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей, қабылдайды. Соның қорытындысы бойынша Биржа мүшелерін марапаттау жүргізіледі.
3. Сараптама кеңесі Биржаның қызметкерлерінен құралады, оның бірі – Төрағасы болып табылады, ал қалғандары - Сараптама кеңесінің мүшелері болады.
4. Сараптама кеңесінің сандық құрамы жеті аданнан тұрады. Сараптама кеңесінің құрамына Биржа Басқармасының кем дегенде үш мүшесі кіруі қажет.
5. Сараптама кеңесінің құрамы мен шешімдері туралы, оның қорытындысы бойынша Биржа мүшелерін марапаттау жүргізілетін ақпарат, Биржаның ресми интернет-сайтында 15 ақпаннан кешіктірмей, жариялауға жатады.
6. Сараптама кеңесінің қатысушылары Биржа мүшелерінің жыл сайынғы марапаттау аясында алынған құпия ақпаратты жариялауға құқығы жоқ.

11 - бап. Сараптама кеңесі қызметінің тәртібі

1. Сараптама кеңесі белгілі бір Биржа мүшесін әрбір номинацияда марапаттау туралы шешім қабылдағаны үшін жауапты болып табылады.
2. Сараптама кеңесінің шешім қабылдауы қарапайым көпшілік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Сараптама кеңесінің барлық қатысушылары бір дауысқа ие.
3. Бір номинацияға Биржаның екі немесе одан көп мүшелері үміткер болған жағдайда, Сараптама кеңесінің қатысушылары қорытынды шешімін қабылдаған кезде, назарға алынады:
 - 1) Биржа мүшелерінің Биржа бөлімшелерімен өзара ынтымақтастығы тәжірибесі;
 - 2) Биржа мүшелеріне өзінің ресми интернет-сайтында ашық түрде ұсынылған материалдар;
 - 3) Биржа мүшелері ұйымдастырған және өткізген кездесулер, конференциялар, семинарлар, шеберлік сабақтары, вебинарлар мен Қазақстан қор нарығын дамытуға байланысты басқа да іс-шаралар.
4. Сараптама кеңесінің қатысушыларының қорытынды шешіміне қарастырылған кезең аралығында және Биржа мүшелеріне уәкілетті орган тарапынан қандай да бір санкцияны қолдану жағдайлары Биржаның ішкі ережелеріне әсер етуі мүмкін.
5. Сараптама кеңесінің мүшелеріне Биржа мүшелеріне уәкілетті орган немесе Биржа тарапынан қандай да бір санкция қолдану жағдайлары туралы ақпарат ұсынуға жауапкершілік Мониторинг департаментіне жүктеледі *(аталмыш тармағы Биржа Басқармасының 2018 жылдың 22 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*.

6. Дауыс беру қорытындысы Сараптама кеңесінің әрбір қатысушысының дауыс беру нәтижесі жазылған, оның аты-жөні, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы мен қабылдаған шешімдерін көрсетіп, Сараптама кеңесінің отырыс хаттамасымен рәсімделеді. Бұқаралық жариялауға тек қан жалпы дауыс беру қорытындысы жатады.
7. Сараптама кеңесінің қорытынды шешімін Биржа Басқармасы бекітеді.

12 - бап. Қорытынды ереже

1. Осы Ереженің орындалуына бақылауға жауапкершілік және оған өзгертулер/толықтыруларды (актуалдандыру) енгізу Ақпарат және статистика департаментіне жүктеледі.
2. Осы Ереже қажеттілік бойынша актуалдандыруға жатады. Бірақ үш жылда бір реттен артық емес.

Басқарма Төрағасы

А.Ө. Алдамберген